

МКҚК «Шұғыла» бөбекжай-бақшасының «Құлыншақ» кіші тобының
тәрбиешісі Тынымгереева Шара Даулетқызының 2022-2023жылдың
жылдық жұмыстарының есебі.

2022-2023 оқу жылында тобымызға 21 бала қабылданды. Оның ішінде: 9-қыз, 12-ұл бала бар. Балалардың жастарына сай бекітілген күн тәртібі, оқу іс-әрекетінің жүктемесі, оқу жылына арналған перспективалық жұмыс жоспары-мен жұмыс жасаймын.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде №499 және де Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022ж 14қазан № 422 бұйрығымен бекітілген бағдарламаға сүйеніп 2022-2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет дағдыларын ойын арқылы жүргізіп келемін.

Топта жаңадан бекітілген бағдарламаға сай балаларға ыңғайлы қол жетімді заттық дамытушы орта жасадық. Керекті құрал-жабдықтармен қамтып жатырмыз. Массажды жолдар, А-3, А-4 форматтағы көрнекіліктер, үлестірмелі материалдар ламинатталған әр балаға жететіндей жасадық. Аптаның басында балалар әнұранға тындап дағдыланды, таңертеңгі жаттығуларды әр түрлі спорттық құралдармен жасауды үйренді.

Қазан айында «Күз келді» ертеңгілігін өткіздік ата-аналар балаларға мерекеге байланысты киімдер дайындады. Тақырыпқа сай тақпақ, ән айтты. «Күз сыйы» атты табиғи материалдардан жасалған, ата-аналар көрмеге қатынасты. Жаңа жыл қарсаңында «Жасыл шырша жанынды» атты ертеңгілік өткізілді. Балалар кейіпкерлермен, аяз ата, ақшақармен сыйлықтар алу арқылы қуанышқа ие болды. Топтар арасындағы «Қыс қызығы» атты қардан мүсіндер жасау сайысына біздің топтың ата-аналары қатысты, көрме ұйымдастырылды.

Наурыз айларында аналар мерекесі және ұлыстың ұлы күніне арналған ертеңгілік болды. Бұл мерекелерде балалар өз өнерлерін көрсете алды.

Жоспар бойынша белгіленген ата-аналар жиналысы уақытылы өткізіліп тұрды. Оқу жылының соңында бөбекжайда жыл бойы өткізілген іс-шараларға белсене қатынасқан ата-аналарға құрмет ретінде Алғыс хаттар табыс еттік.

Республикалық ғылыми-әдістемелік «Тағылым» журналына 2023 жылғы қаңтар айында матариалым жарияланды. Қашықтықтан «Шабыт», «Дарындылар әлемі» атты орталықтардың ұйымдастырған онлайн сайыстары мен байқауларына тәрбиеленушілерімнің жұмыстарын жіберіп 1 және 2 дәрежелі дипломдарға ие болды, балаларды дайындағаным үшін өзімде Алғыс хаттар алдым. Мамыр айында ата- аналарымыз «Менің отбасым», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» атты суреттер салуға қатысып, алғыс хат иеленді. Жазғы демалыстағы өрт, су қауіпсіздігі туралы жылжымалы папка дайындалып, ата- аналарға жадынама таратылды.Топтар арасында 1-мамыр Қазақтан халықтарының бірлігі күніне орай ұйымдастырылып өткізілген «Ұлттар фестиваль», «Біз спортты сүйеміз», «Әке отбасының- тірегі», «Асыл әжелер» сайыстарына ата-аналарымыз белсене қатынасты, жүлделі орындар алды. Ата-аналарымыз сонымен қатар тобымызға ұлттық нақышта дайындалған көрпешелер тігіп берді. Балалардың білім деңгейін көрсететін мониторинг және жеке даму картасы уақытылы толтырылды. Балаларды жастарына қарай, былтырғымен салыстырғанда үлкен жетістіктерге жеткіздік деген ойдамын. Жаңа стандарт пен ҰОБ (№ 422) белгіленген дағдыларды қалыптастырып, сонымен қатар баланы дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз еттім. 1-Маусым балаларды қорғау күніне және 4-Маусым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздер күніне арналған мерекелік іс –шараларға қатысып тәрбиеленушілерім өзіне берілген ойын түріндегі тапсырмаларды орындай алатындықтарын көрсетті. Барлық педагогикалық кеңестер мен дөңгелек үстелдерге, педагогикалық олимпиадаларға, бөбекжайда өткізілген аудандық психолог семинарына қатынасып, өз білімімді педагогикалық сайттар, газет, журналдар арқылы жетілдіріп отырамын.

Тәрбиеші:

Тынымгереева Ш.Д.